

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жаңындағы Құқық қорғау органдары ақадемиясында ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2016 жылғы 31 наурыздағы № 59 бұйрығы . Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 29 сәуірде № 13656 болып тіркелді.

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 5-1-бабының 12) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРДАУЫТЫН**:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жаңындағы Құқық қорғау органдары ақадемиясында (бұдан әрі – Академия) ауыстыру және қайта қабылдау қағидалары бекітілсін.

2. Академияның Ректоры Ұ.С. Байжанов:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауга жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірінші орынбасары И.Д. Меркельге жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры

А. Дауылбаев

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2016 жылғы 31 наурыздағы
№ 59 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жаңындағы Құқық қорғау органдары ақадемиясында ауыстыру және қайта қабылдау қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясында ауыстыру және қайта қабылдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-1-бабы 12) тармақшасына сәйкес өзірленген.

2. Қағидалар Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының (бұдан әрі – Академия) магистратурасы және докторантурасында білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау тәртібін анықтайды.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - КР Бас Прокурорының 08.06.2022 № 123 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Академияда білім алушыларды курстан курсқа, бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне, Академиядан басқа жоғары оқу орындарына (бұдан әрі – ЖОО), басқа ЖОО-дан Академияға ауыстыру жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - КР Бас Прокурорының 08.06.2022 № 123 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Ауыстыру және қайта қабылдаудың міндетті талабы болып алдыңғы академиялық кезеңнің жұмыс оқу жоспарының барлық талаптарының орындалуы және аралық аттестауды тапсыру табылады.

5. Білім алушыларды курстан-курсқа ауыстыру оқу жылының қорытындысы бойынша (аралық аттестаттау) үлгерімінің орташа балы Академияның Ғылыми кеңесімен ағымдағы оқу жылына белгіленген (GPA) ауысу балынан кем емес және жазғы семестр нәтижелерін ескере отырып жүзеге асырылады.

6. Білім алушыларды Академиядан басқа ЖОО-на ауыстыру, қабылдаушы білім беру ұйымының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

7. Академияда қайта қабылдау Академияда бұрын білім алған, сондай-ақ басқа ЖОО-да білім алған тұлғалар қатарынан жүзеге асырылады.

Академиядан немесе басқа ЖОО-дан төмен үлгерімі немесе теріс себептер бойынша бұрын оқудан шығарылған тұлғалар Академияға қайта қабылдауға жатпайды.

8. Академияға шетелдік білім беру ұйымынан ауыстыру немесе қайта қабылдау кезінде мынадай құжаттар ұсынылады:

1) меңгерілген оқу бағдарламалары туралы құжат (академиялық анықтама немесе транскрипт);

2) білім берудің алдыңғы деңгейін аяқтағаны туралы құжат, ол Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 10 қаңтардағы № 8 бұйрығымен бекітілген Білім туралы құжаттарды тану және ностирификациялау

қағидаларымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5135 болып тіркелген) белгіленген тәртіпте, нострификациялау рәсімінен өтеді;

3) шетелдік білім беру үйіміна тұсу кезінде тұсу сынактарының нәтижесі.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 04.12.2018 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Академияға ауыстыру және қайта қабылдау тиісті курста бос орын болған жағдайда жүзеге асырылады.

10. Ауыстыру және қайта қабылдау туралы сұрақ Академия ректорымен кезекті академиялық кезеңнің басталуына дейін, күнтізбелік бес күн аралығында жазғы және қысқы демалыс кезеңінде қаралады.

11. Ауыстыру және қайта қабылдау кезінде білім алушының және/немесе білім алуға кандидаттың алдыңғы академиялық кезеңде оқыған жұмыс оқу жоспарлары пәндеріндегі академиялық айырмашылықтары анықталады.

Оқу пәндері бойынша айырмашылықты анықтаған кезде қорытынды бақылау нысанындағы айырмашылық ескерілмейді.

12. Бір бос орынға ауыстыру немесе қайта қабылдауға бірнеше кандидат болған жағдайда, артықшылық үлгерімінің орташа балы (GPA) ең жоғары болған тұлғада болады.

13. Жұмыс оқу жоспарларының пәндері бойынша академиялық айырмашылықты Академия транскрипте көрсетілген зерделенген пәндерінің тізбесі, олардың бағдарламалары және академиялық сағат немесе кредитпен көрсетілген көлемі негізінде айқынрайды.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 08.06.2022 № 123 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Жұмыс оқу жоспарлары пәндеріндегі академиялық айырмашылықты жою білім алушымен Академияның Жоғары оқу орнанан кейін білім беру институтының (бұдан әрі - ЖОКБИ) оқу-әдістемелік жұмыс бөлімшесімен әзірленетін және Академияның жетекшілік ететін проректорымен бекітілген жеке кесте бойынша жүзеге асырылады.

Білім алушы ағымдағы академиялық кезеңде бақылаудың барлық түрлерін тапсырады және қорытынды бақылауға рұқсат алады.

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Бас Прокурорының 04.12.2018 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Пән бойынша академиялық айырмашылықты жою кезінде білім алушы қанағаттанарлықсыз деген баға алған жағдайда қайта тапсыруға жол берілмейді және Академиядан академиялық үлгермегені үшін оқудан шығарылуға жатады.

16. Академида бос қабылдау орындары туралы ақпарат Академияның интернет-ресурстарында жарияланады.

2. Ауыстыру тәртібі

17. Академияға басқа ЖОО-нан ауыстыру кезінде білім алушы өзі білім алған ЖОО-ның оқу ісі жөніндегі проректор және офис-тіркеуші қол қойған транскрипттің, ЖОО-ның басшысының атына ауыстыру туралы жазылған өтініштің (басшының қолы қойылып, мөр басылған) көшірмесін қоса ұсынып Академия ректорының атына еркін жазбаша нысанда ауыстыру туралы баянат жазады.

Білім алушыны ауыстырған кезде даярлық бағытын, білім беру бағдарламасының бейіні, оқу жетістіктері, сондай-ақ білім алушының академиялық адалдықты бұзу жағдайлары ескеріледі.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 08.06.2022 № 123 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Академияның оқу-әдістемелік бөлімшесі күнтізбелік үш күн аралығында ұсынылған транскрипт көшірмесінің негізінде жұмыс оқу жоспарларындағы пәндердің академиялық айырмашылығын және менгерілген пререквезиттерге сәйкес оқу курсын белгілейді, білім беру бағдарламасына сәйкес менгерілген кредиттерді қайта есептейді.

19. Академияға ауыстыру тәртібі бойынша оқуға қабылдау Академияның бірінші проректорымен, ЖОКБИ директорымен және ЖОКБИ оқу-әдістемелік жұмыс бөлімшесінің басшысымен алдын ала келісілгеннен кейін Академия ректорының бұйрығымен ресімделеді.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 04.12.2018 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Қабылдау туралы бұйрық шыққаннан кейін үш жұмыс күн ішінде оның көшірмесі білім алушының бұрын оқыған ЖОО-на жіберіледі.

21. Академияда білім алушыны бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне ауыстыру, Академияға басқа ЖОО-нан ауыстыру тәртібіне ұқсас жүзеге асырылады.

Академияда бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне ауыстыру туралы өтініш болғанда, басқа ЖОО-ның атына жазылған өтініштің болуы талап етілмейді.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 08.06.2022 № 123 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Қайта қабылдау тәртібі

22. Академияға оқуға қайта қабылдану үшін кандидат транскрипті қоса ұсынып, еркін жазбаша нысанда Академия ректорының атына қайта қабылдау туралы баянат жазады

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 08.06.2022 № 123 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. ЖОКБИ-дың оқу-әдістемелік жұмыс бөлімшесі кандидаттың баянаты түскеннен кейін күнтізбелік үш күн аралығында ұсынылған транскриптің негізінде жұмыс оқу жоспарларындағы пәндердің академиялық айырмашылығы, пәннің мазмұны мен көлеміне сәйкес келген жағдайда менгерілген кредиттерді қайта есептейді және менгерілген пререквизиттерге сәйкес оқу курсын белгілейді.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 08.06.2022 № 123 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Академияға қайта қабылдау тәртібі бойынша оқуға қабылдау жетекшілік ететін проректормен, ЖОКБИ директорымен, ЖОКБИ-дың оқу-әдістемелік жұмыс бөлімшесі басшысымен алдын ала келісілгеннен кейін Академия ректорының бұйрығымен ресімделеді.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 04.12.2018 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.